Сабақтың мақсаты: Француз корольдерінің жүргізген ішкі саясаты, XV ғ. аяғында елді саяси жағынан біріктірудің аяқталуы, ағылшын феодализмінің ерекшелігін, шаруалардың жағдайын, «ескі» және «жаңа» дворяндардың арасындағы күрестің себебін анықтау.

Өткізу нысаны: ауызша.

1-тапсырмасы:

1. II Филипп Август және оның Плантагенеттермен күресі. Альбиға соғыстары.
2. IX Людовиктің сот және қаржы реформасы. IV Филиптің саясаты. Сословиелік монархияның таптық мәні.
3. Карлдың реформалары және Француз мемлекетінің нығаюы. XV ғ. аяғында Францияны саяси біріктірудің аяқталуы.

2-тапсырмасы:

1086 ж. жер санағы және «Қорқынышты сот кітабы». Аграрлық құрылыс және шаруалардың жағдайы. Англиядағы феодалдық құрылыстың ерекшелігі.

Шаруаларды қанаудың күшеюі. «Қара қырғын». «Жұмысшы заңы» және сенориалдық реакция.

Джек Кэдтің көтерілісі. Алқызыл Раушан және Ақ Раушан гүлдер соғысы.

Әдістемелік нұсқаулар: шағын конференция түрінде өткізуге болады. Қарастырылатын мәселелер бойынша алдын-ала баяндамашылар тағайындалады. Топтың қалған студенттері баяндамашыға сұрақ қойып, талқылауға қатысады.

Әдебиеттері:

1. Хрестоматия по истории средних веков. / Под ред. С.Д.Сказкина. М., 1961-1963. Т. 1-2.
2. История Европы с древнейших времен до наших дней. В 8 т. М., 1992. Т. 2. Средневековая Европа. М., 1993.
3. История средних веков. В 2-х т. М., 1990 – 1991 .
4. Средневековая Европа глазами современников и историков. М., 1995. Ч.1-4.
5. Всемирная история. М., 1957. Т.3.
6. Классы и сословия средневекового общества. / Под ред. З.В.Удальцовой. М., 1988.
7. Авдеева К.Д. Внутренняя колонизация и развитие феодализма в Англии в XI – XIII в.в. Л., 1973.
8. Феодальная рента и крестьянские движения в Западной Европе XIII – XV в.в. М., 1985.

9. История крестьянства в Европе. Эпоха феодализма. В 3-х т. Т. 1,2. М., 1985, 1986.
10. Орта ғасырлар тарихы. / Ред. басқарған С.Д.Сказкин. А., 1976. 1-т.
11. История Франции. В 3-х т. М., 1972. Т.1.
12. Хачатурян Н.А. Сословная монархия во Франции XIII – XV в.в. М., 1989.

Тақырыбы: XI – XV ғ.ғ. Германия. XI – XV ғ.ғ. Чехия.

Сабактың мақсаты: Шваб және Рейндік одақтардың құрылуының, император өкіметінің құлдырауы, XV ғ. империяның одан әрі құлдырауының себептерін; гусшілдер соғысының XV ғ. ортасында Чехияның ұлттық қайта жаңғыруындағы тарихи маңызын анықтау.

Өткізу нысаны: ауызша.

1-тапсырмасы:

1. Солтүстік Герман қалаларының дамуы. Қалалардың Шваб, Рейн одағы.
2. Ганза одағы және оның Солтүстік, Балтық теңіздеріндегі үстемдігі.
3. ІУ Карл. «Алтын Булла» және Германияның саяси бытыраңқылығының бекуі.
4. XV ғ. империяның одан әрі құлдырауы. «Империялық реформалар».

2-тапсырмасы:

1. Гусшілдердің Германия аумағына жасаған жорықтары. XV ғ. ортасында Чехияның ұлттық қайта тууы.
2. Чехияның тәуелсіздігінен айырылуы.

Әдістемелік нұсқаулар: тапсырмалар бойынша студенттердің жеке пікірлерін тындап, жауап бермеген бір студенттің барлық жауапқа ортақ қорытындысын айтқызу және жауаптарды бағалату.

Әдебиеттері:

1. История Европы с древнейших времен до наших дней. В 8 т. М., 1992. Т. 2. Средневековая Европа. М., 1993.
2. История средних веков. В 2-х т. М., 1990 – 1991 .
3. Средневековая Европа глазами современников и историков. М., 1995. Ч.1-4.
4. Всемирная история. М., 1957. Т.3.
5. Политические структуры эпохи феодализма в Западной Европе (VI – XV в.в.). Л., 1990.
6. Грацианский Н.П. Из социально-экономической истории западно-европейского средневековья. М., 1960.
7. Немецкий город XIV – XV в.в. Сб. материлов. М., 1936.
8. Майер В.Е. Деревня и город в XIV – XV в.в. (развитие производительных сил). Л., 1979.
9. Колесницкий Н.Ф. Феодальное государство (V – XV в.в.). М., 1967.
10. Господствующий класс феодальной Европы. М., 1989.
11. Грановский Т.Н. Лекции по истории средневековья. М., 1986.
12. История крестьянства в Европе. Эпоха феодализма. В 3-х т. Т. 1,2. М., 1985, 1986.

Тақырыбы: XI – ХУ ғ.ғ. Италия. XI – ХУ ғ.ғ. Пиреней мемлекеттері.

Сабактың мақсаты: Италияның орта орта ғасырлардағы әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының ерекшеліктері, Папа облысы, қалалық коммуналардың құрылуы және олардың қала-мемлекетке айналуы, олардағы тирания, деревняны тауар-ақша қатынастарына тарту, шаруалар жағдайындағы өзгерістер, Штауфендердің Италиядағы саясаты, XII ғ. Сицилия корольдігінің құрылуы, XIII – ХУ ғ.ғ. Оңтүстік Италияның экономикалық және саяси дамуының ерекшеліктері, ХУ ғ. Испан корольдігінің дамуы туралы жан-жақты қарастыру.

Өткізу нысаны: ауызша.

1-тапсырмасы:

1. Италияның орта ғасырлардағы әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының ерекшеліктері. XIII – ХУ ғ.ғ. Солтүстік және Орталық Италияның аграрлық дамуының ерекшеліктері.
2. XIII – ХУ ғ.ғ. Папалық облыстың экономикалық және саяси дамуы.
3. Қалалық коммуналардың құрылуы және олардың қала-мемлекеттерге айналуы. Қалалардың Ломбардиялық лигасы және олардың I Фридрих Барбароссамен күресі.
4. ХУ ғ. Италияның экономикалық дамуы. Италияның мемлекет-қалаларындағы тирания. Флоренциядағы Медичи тираниясы. Савонаролла.

2-тапсырмасы:

1. ХУ ғ. Испан корольдігіндегі тап күресінің шиеленісуі. Католик шіркеуі және инквизицияның Испаниядағы ролі.
2. Гранаданы жаулап алу және реконкистаның аяқталуы. ХУ ғ. 2-жартысындағы Испан корольдерінің экономикалық саясаты.

Әдістемелік нұсқаулар: тапсырмалар бойынша студенттердің жеке пікірлерін тыңдап, жауап бермеген бір студенттің барлық жауапқа ортақ қорытындысын айтқызу және жауаптарды бағалату. 1-тапсырма толықтай XI – ХУ ғ.ғ. Италия тарихына арналғандықтан, студенттерге 20-30 сұрақтан тұратын тесттік тапсырмалар құрастыру туралы қосымша тапсырма беруге болады.

Әдебиеттері:

1. История Европы с древнейших времен до наших дней. В 8 т. М., 1992. Т. 2. Средневековая Европа. М., 1993.
2. История средних веков. В 2-х т. М., 1990 – 1991 .
3. Всемирная история. М., 1957. Т.3.
4. Котельникова Л.А. Феодализм и город в Италии в VIII – ХУ в.в. М., 1987.
5. История Италии. В 3-х т. М., 1970. Т.1.
6. Херманн Х. Савонаролла. Еретик из Сан-Марко. М., 1982.
7. Карлов С.П. Итальянские морские республики и Южное Причерноморье в XIII – ХУ в.в.: проблемы торговли. М., 1990.
8. История крестьянства в Европе. Эпоха феодализма. В 3-х т. Т. 1,2. М., 1985, 1986.
9. Рутенбург В.И. Итальянский город от раннего средневековья до Возрождения. Л., 1987.
10. Итальянские коммуны XIV – ХУ в.в. Сб. документов. М.,-Л., 1965.

11. Социально-политическое развитие стран Пиренейского полуострова при феодализме. М., 1985.

12. История Испании IX – XIII в.в. М., 1976.

Тақырыбы: XI – XV ғ.ғ. Скандинавия елдері. XI – XV ғ.ғ. Польша.

Сабақтың мақсаты: Скандинавия елдеріндегі феодалдық қатынастардың қалыптасу ерекшеліктері, шаруалардың қозғалыстары, XI – XV ғ.ғ. Польша тарихын толық қарастырып, талдау. ии Ірі жер иелерінің өсуі және ерікті шаруаларды басыбайлыларға айналдыру, ежелгі гректер тарихы жөніндегі басты деректерді олардың өздері жазып қалдырған рухани мәдениеттің нұсқалары кұрайтындығын анықтау және дәлелдеу.

Өткізу нысаны: ауызша.

1-тапсырмасы:

1. Скандинавия елдерінде феодалдық қатынастардың қалыптасу ерекшеліктері.
2. Шаруалардың қозғалыстары және олардың Дания, Норвегия және Швецияның саяси кұрылысына жасаған ықпалы. Король өкіметінің феодалдық шонжарлармен күресі.

2-тапсырмасы:

1. Польшада феодалдық қатынастардың дамуы.
2. Король өкіметінің әлсіреуі және Польшаның үлестерге бөлшектенуі. Татарлардың шапқыншылығы және неміс отарлаушылығы.
3. III Казимир және Польшаның мемлекеттік бірлігінің орнауы. Польша бірлігінің аяқталмай қалуы.
4. XV ғ. 2-жартысында пандар мен шляхтарға берілген артықшылықтардың өсуі. Поляк-венгер және шығыстағы неміс басқыншылығының тоқтатылуы. 1466 ж. Торунь бітімі.
5. Нешав статуттары және олардың шляхталық-сословиелік кұрылысты дамытудағы ролі.
6. Поляк сеймінің кұрылуы және оның сипаты. Петроков статуты және қала халқы жағдайының нашарлауы.

Әдістемелік нұсқаулар: тапсырмалар бойынша нақты жауап беруі және оны ауызша талдай білуі қадағаланады, картамен жұмыстарына көңіл бөлінеді.

Әдебиеттері:

1. История Европы с древнейших времен до наших дней. В 8 т. М., 1992. Т. 2. Средневековая Европа. М., 1993.
2. История средних веков. В 2-х т. М., 1990 – 1991 .
3. Средневековая Европа глазами современников и историков. М., 1995. Ч.1-4.
4. Всемирная история. М., 1957. Т.3.
5. Политические структуры эпохи феодализма в Западной Европе (VI – XII в.в.). Л., 1990.
6. Грацианский Н.П. Из социально-экономической истории западно-европейского средневековья. М., 1960.
7. Господствующий класс феодальной Европы. М., 1989.
8. Классы и сословия средневекового общества. / Под ред. З.В.Удальцовой. М., 1988.

9. Феодальная рента и крестьянские движения в Западной Европе XIII – XV в.в. М., 1985.
10. Колесницкий Н.Ф. Феодальное государство (V – XV в.в.). М., 1967.
11. История крестьянства в Европе. Эпоха феодализма. В 3-х т. Т. 1,2. М., 1985, 1986.
12. История Дании. М., 1996.
13. История Норвегии. М., 1980.
14. История Швеции. М., 1974.
15. Кан А.С. История Скандинавских стран (Дания, Норвегия, Швеция). М., 1971.

Тақырыбы: XVI ғ. – XVII ғ. 1-жартысында Батыс Еуропа елдерінде өндіргіш күштердің дамуы және капиталистік қатынастардың тууы.

Ұлы географиялық жаңалықтар. XVI ғ. – XVII ғ. басындағы Англия.

Сабақтың мақсаты: дамып келе жатырған капиталистік қатынастардың жалпы техниканың дамуына әсері, капиталистік мануфактура, оның әртүрлі нысандары, капитализмнің ауыл шаруашылығында дамуы, буржуазия және пролетариат табының қалыптаса бастауы, Ұлы географиялық жаңалықтардың алғы шарттары, дүние жүзін бөліске салу, географиялық ашылымдардың ролі, XVI ғ. – XVII ғ. басындағы Англияның сыртқы саясаты туралы талқылау.

Өткізу нысаны: ауызша.

1-тапсырмасы:

1. Әскери техниканың өсуі және артиллерияның дамуы. Кеме жасау. Тоқыма өндірісіндегі жаңа станоктар.
2. Капитализмнің ауыл шаруашылығында дамуы. Капиталистік фермерлік. Буржуазия табы мен пролетариат табының қалыптаса бастауы.

2-тапсырмасы:

1. Испандықтар мен португалдықтардың дүние жүзін бөліске салуы.
2. Мексика және Оңтүстік Американы жаулап алу. Испандықтардың отарлаушылық жүйесі.
3. XVI ғ. 2-жартысы – XVII ғ. географиялық ашулар. Голландықтардың отарлық басып алулары. «Баға революциясы».

3-тапсырмасы:

1. XVI ғ. 2-жартысындағы ағылшын сауда компаниялары. Англияның Испаниямен теңіздегі күресі. «Жеңілмейтін армаданың» күйреуі. Ирландияның ағылшын отарына айналуы.
2. Ағылшын-шотланд қатынастары. XVI ғ. аяқ кезіндегі тақ және парламент.

Әдістемелік нұсқаулар: сұрақ-жауап әдісі бойынша оқу тобы шағын топтарға бөлініп, қарастырылатын мәселелер жөнінде өзіндік пікірлері мен көзқарастары тыңдалады, терминдермен, картамен жұмыс жүргізуге мән беріледі.

Әдебиеттері:

1. История Европы с древнейших времен до наших дней. В 8 т. М., 1992. Т. 2. Средневековая Европа. М., 1993.
2. История средних веков. В 2-х т. М., 1990 – 1991 .
3. Средневековая Европа глазами современников и историков. М., 1995. Ч.1-4.

4. Всемирная история: Начало колониальных империи. Период английской революции. Минск, М., 2000.
5. Орта ғасырлар тарихы. 2 томдық. А., 1976 – 1979.
6. Магидович И.П., Магидович В.И. Очерки по истории географических открытий В 5 т. М., 1983. Т. II. Великие географические открытия (конец XV – середина XVIII в.).
7. Англия в эпоху абсолютизма (статьи и источники). М., 1984.
8. Политические структуры эпохи феодализма в Западной Европе (VI – XVIII в.в.). Л., 1990.
9. Становление капитализма в Европе. М., 1987.
10. Англия XV – XVIII в.в. Проблемы разложения феодализма и генезиса капитализма. Горький, 1981.
11. Сапрыкин Ю.М. Английское завоевание Ирландии (XII – XVIII в.в.). М., 1982.

Тақырыбы: Швейцариядағы реформация. XVI – XVIII ғ.ғ. Испания.

Сабактың мақсаты: Швейцария реформациясының алғы шарттары мен даму барысы, XVI – XVIII ғ.ғ. Испанияның жан-жақты дамуы туралы талқылау.

Өткізу нысаны: ауызша.

1-тапсырмасы:

1. XVI ғ. басындағы Швейцарияның экономикалық және саяси жағдайы.
2. Реформацияның алғы шарттары. Ульрих Цвингли және Цюрихтегі цвинглиандық реформация.
3. Жан Кальвин және Женевадағы реформация.

2-тапсырмасы:

1. Испанияның уақытша экономикалық өрлеуі. Қолөнердің табыстары, мануфактураның пайда болуы. Қой шаруашылығы, оның өнеркәсіп пен саудадағы ролі.
2. Кастилия қала коммуналарының көтерілісі (коммунерос). Испания католик реакциясын басқарушы. Испан абсолютизмінің ерекшеліктері.
3. XVIII ғ. Испанияның сыртқы саясаттағы сәтсіздіктері. Солтүстік Нидерландыдан айырылуы. Португалияның бөлінуі.

Әдістемелік нұсқаулар: шағын конференция түрінде өткізуге болады. Қарастырылатын мәселелер бойынша алдын-ала баяндамашылар тағайындалады. Топтың қалған студенттері баяндамашыға сұрақ қойып, талқылауға қатысады. Студенттердің Испан абсолютизмінің ерекшеліктерін Батыс Еуропа елдері абсолютизмінен ажыратып көрсеткен ой-қорытулар жасауы талап етіледі.

Әдебиеттері:

1. Хрестоматия по истории средних веков. / Под ред. С.Д.Сказкина. М., 1961-1963. Т. 1-2.
2. История Европы с древнейших времен до наших дней. В 8 т. М., 1992. Т. 2. Средневековая Европа. М., 1993.
3. История средних веков. В 2-х т. М., 1990 – 1991 .
4. Средневековая Европа глазами современников и историков. М., 1995. Ч.1-4.
5. Всемирная история. М., 1957. Т.3.

6. Политические структуры эпохи феодализма в Западной Европе (VI – XII в.в.). Л., 1990.
7. Грацианский Н.П. Из социально-экономической истории западно-европейского средневековья. М., 1960.
8. Европа в средние века: экономика, политика, культура. Сб. статей. К 80-летию акад. С.Д.Сказкина. М., 1972.
9. Господствующий класс феодальной Европы. М., 1989.
10. Колесницкий Н.Ф. Феодальное государство (V – XV в.в.). М., 1967.

Тақырыбы: ХҮІ ғ. – ХҮІІ ғ. 1-жартысындағы Италия. ХҮІ ғ. – ХҮІІ ғ. басындағы Франция.

Сабақтың мақсаты: ХҮІ ғ. – ХҮІІ ғ. 1-жартысындағы Италияның саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуын, Француз абсолютізмнің дамуы және нығаюы, ерекшеліктері, ХҮІІ ғ. 1-жартысындағы Францияның ішкі және сыртқы саясаты туралы қарастыру.

Өткізу нысаны: ауызша.

1-тапсырмасы:

1. Француздардың басып енуі және италиялық соғыстардың басталуы.
2. Аграрлық қатынастар. Флоренциядағы халық бұқарасының көтерілісі.
3. ХҮІ ғ. аяғынан бастап Италияның экономикалық құлдырауы.
4. Феодалдық езгіге қарсы халық көтерілісі. Калабриядағы көтеріліс.
5. Неапольдағы Мазаньело көтерілісі. Сицилиядағы қозғалыс.

2-тапсырмасы:

IV Генрих және абсолютізмнің дамуы. IV Генрихтың экономикалық саясаты.

XIII Людовик. 1614 ж. Бас Штаттар. Ришельенің экономикалық саясаты және әкімшілік шаралары.

ХҮІІ ғ. 1-жартысындағы Францияның сыртқы саясаты.

Әдістемелік нұсқаулар: сұрақ-жауап әдісі бойынша әрбір студенттің қарастырылатын мәселелер жөнінде өзіндік пікірлері, салыстырмалы түрде берілген ой-қорытулар мен тұжырымдар жасауы қадағаланады, картамен жұмысқа мән беріледі. Француз абсолютізмнің ерекшеліктерін өзге елдердің абсолютізмінен ажыратып көрсеткен ой-қорытулар жасауы талап етіледі, схемалық кесте сызу ұсынылады.

Әдебиеттері:

1. Хрестоматия по истории средних веков. / Под ред. С.Д.Сказкина. М., 1961-1963. Т. 1-2.
2. История Европы с древнейших времен до наших дней. В 8 т. М., 1992. Т. 2. Средневековая Европа. М., 1993.
3. История средних веков. В 2-х т. М., 1990 – 1991 .
4. Средневековая Европа глазами современников и историков. М., 1995. Ч.1-4.
5. Всемирная история. М., 1957. Т.3.
6. История Италии. В 3-х т. М., 1970. Т.1.
7. Политические структуры эпохи феодализма в Западной Европе (VI – XII в.в.). Л., 1990.

8. Документы по истории Франции внешней политики 1547 – 1548 г.г. М.,-Л., 1963.
9. Господствующий класс феодальной Европы. М., 1989.
10. Люблинская А.Д. Франция при Ришелье. Французский абсолютизм в 1630 – 1642 г.г. Л., 1982.
11. История крестьянства в Европе. Эпоха феодализма. В 3-х т. Т. 1,2. М., 1985, 1986.
12. История Франции. В 3-х т. М., 1972. Т.1.

Тақырыбы: ХҮІ ғ. – ХҮІІ ғ. 1-жартысындағы Солтүстік Еуропа елдері.

Мақсаты: ХҮІ ғ. – ХҮІІ ғ. 1-жартысындағы Солтүстік Еуропа елдерінің жан-жақты дамуы туралы талқылау.

Өткізу нысаны: ауызша.

Тапсырмалары:

1. Дания. II Кристиан тұсында абсолютизмді орнатуға жасалған талаптар. Кальмар униясы (1523 ж.). 30-ж.ж. азамат соғысы.
2. Даниядағы реформа. Данияның Балтықта үстемдік орнату үшін күресі. Швециямен соғыстар және ХҮІІ ғ. орта шеніндегі ішкі саяси дағдарыс.
3. ХҮІ ғ. Швеция. Густав Ваза және даттықтардың езгісінен құтылу. Реформация. ХІҮ Эрик.
4. Швецияның Балтық бойындағы (Прибалтикадағы) агрессиясы. Мануфактуралық өнеркәсіптің дамуы. Швецияның Ұлы державаға айналуы.
5. ХҮІ ғ. басындағы Норвегия. Дания үстемдігінің бекітілуі. Реформацияның ерекшеліктері.
6. ХҮІІ ғ. орта шенінен былайғы Норвегия. Экономикалық өрлеу.

Әдістемелік нұсқаулар: тапсырмалар бойынша нақты жауап беруі және оны ауызша талдай білуі қадағаланады, картамен жұмыстарына көңіл бөлінеді. Солтүстік Еуропа елдеріндегі реформацияның Батыс Еуропадағы реформациядан ерекшеліктерін салыстыра отырып, талдау жасауға баса назар аударылады.

Әдебиеттері:

1. История Европы с древнейших времен до наших дней. В 8 т. М., 1992. Т. 2. Средневековая Европа. М., 1993.
2. История средних веков. В 2-х т. М., 1990 – 1991 .
3. Всемирная история. М., 1957. Т.3.
4. История Норвегии. М., 1980.
5. История Швеции. М., 1974.
6. Кан А.С. История Скандинавских стран (Дания, Норвегия, Швеция). М., 1971.
7. История Дании. М., 1996.
8. История дипломатии. М., 1959. Т.1.

Тақырыбы: ХҮІ ғ. – ХҮІІ ғ. 1-жартысындағы Венгрия, Трансильвания, Молдавия және Валахия. Отыз жылдық соғыс.

Сабактың мақсаты: ХҮІ ғ. – ХҮІІ ғ. 1-жартысындағы Венгрия, Трансильвания, Молдавия және Валахияның саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуы, ішкі-сыртқы саясаты, ХҮІ ғ. 2-жартысындағы халықаралық қатынастар, ХҮІІ ғ.б. шиеленістер,

отыз жылдық соғыстың басталуы, барысы, кезеңдері мен Еуропа елдері үшін қорытындысы туралы талдау.

Өткізу нысаны: ауызша.

1-тапсырмасы:

1. XV – XVI ғ.ғ. Венгрия. 1514 ж. шаруалар көтерілісі. Осман езгісіндегі Венгрия жерлері.
2. Габсбургтердің қоластындағы Венгер жерлері. Реформациялық қозғалыс. Халық қозғалыстары.
3. XV – XVII ғ.ғ. Трансильвания. Экономикалық дамуы. Ішкі және сыртқы саясаты.
4. Валахия және молдавияда түрік билігінің орнатылуы. Қоғамдық құрылысы, ауыл шаруашылығы, қалалар. Ірі феодалдық иеліктер және шаруалардың жағдайы.

2-тапсырмасы:

1. XVI ғ. 2-жартысы – XVII ғ. басындағы Еуропадағы халықаралық қатынастардың дамуының сипаттамасы. Екі лагердің арасындағы күрестің жандана түсуі.
2. Чехиядағы оқиғалар және олардың маңызы. Отыз жылдық соғыстың басталуы және негізгі кезеңдері, қорытындысы.

Әдістемелік нұсқаулар: алғашқы төрт тапсырма бойынша сұрақ-жауап әдісі бойынша әрбір студенттің қарастырылатын мәселелер жөнінде өзіндік пікірлері, салыстырмалы түрде берілген ой-қорытулар мен тұжырымдар жасауы қадағаланады, картамен жұмысқа мән беріледі, тест сұрақтарын құрастыру тапсырылады. Соңғы екі тапсырманы шағын пресс-конференция түрінде өткізуге болады.

Әдебиеттері:

1. История Европы с древнейших времен до наших дней. В 8 т. М., 1992. Т. 2. Средневековая Европа. М., 1993.
2. История средних веков. В 2-х т. М., 1990 – 1991 .
3. Всемирная история. М., 1957. Т.3.
4. Политические структуры эпохи феодализма в Западной Европе (VI – XVII в.в.). Л., 1990.
5. Европа в средние века: экономика, политика, культура. Сб. статей. К 80-летию акад. С.Д.Сказкина. М., 1972.
6. Господствующий класс феодальной Европы. М., 1989.
7. История Венгрии.
8. История дипломатии. М., 1959. Т.1.

ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ (ГЛОССАРИЙ):

1. *Аббат* – 1. аббат шіркеуінде барлық дін қызметкерлерінің құрметті аты;
2. еркек монастырының бастығы.
3. *Аббаттық* – өз қарамағында басқадай монастырлері бар католик монастырі; шіркеу басқармасының жоғарғы органдарына бағынады, үлкен жер бөліктерінде иелік жасап, шаруаларды қаты қанауда ұстады.
4. *Абсолютизм* – шексіз монархия, жоғарғы өкімет билігі бүтіндей бір адам-монарх (император, патша, король, князь) қолында болған басқару түрі; сословиелік монархияның орнын басқан феодалдық мемлекет дамуының жоғарғы және соңғы түрі.
5. *Аварлар* – VІ ғас. Азиядан орталық Еуропаға басып кіріп өз алдына дербес мемлекет орнатқан түрік нәсілдес халық; IX ғ. аварларды Ұлы Карл, X ғ. венгерлер күйретті. Осы кезден бастап олардың аты аталмайды.
6. *Папаларды Авиньон тұтқынында ұстау* – 1309-1377 ж.ж. француз королінің қысымы нәтижесінде папа резиденциясы Римнен Авиньонға көшірілген дәуір.
7. *Агонистиктер (күресшілер)* – IV ғ. терістік Африкада ірі жер иелеріне, Рим төрелеріне және Рим мемлекетінің әлеуметтік тәртіптерін мадақтаушы ресми шіркеуге қарсы бағытталған құлдардың, колондардың және езілген халықтардың революциялық қозғалысына қатысушылар.
8. *Адептер* – 1. сектаның не бір қилы ілімінің ісіне араласқан адам;
9. бір қилы ілімді не идеяны табанды түрде жарақтаушы.
10. *Акриттер* – Кіші Азиядағы шекара қызметіндегі адамдар.
11. *Актемонар* – XIV-XV ғ.ғ. Византиядағы өндіріс құралдарынан айрылған мүліксіз шаруалар.
12. *Аландар* – II-IX ғ.ғ. терістік Кавказды, төменгі Днепр мен Оңтүстік Орал арасын жайлаған сармат тайпалары; IV ғ. аландар ғұндарға бағынып, олармен бірге «халықтардың ұлы көшіне» қатысты. Олардың біразы оңтүстік Галлия мен Пиреней түбегін қоныстанды.
13. *«Бавар ақиқаты»* – Герман нәсілдес бавар әдет құқығының жинағы. VIII ғасырда пайда болды. Ру қоғамынан бастап феодалдық қатынастардың тууына шейінгі герман қоғамы дамуының әрқилы дәуірін қамтиды.
14. *Баварлар* – алғашқы кезде Богемияны жайлаған герман тайпасы, V ғ. басында Дунайдың жоғарғы бойын жайлаған. VIII-IX ғ.ғ. баварлық франк корольдеріне тәуелді тайпа герцогтері биледі. Франк мемлекеті ыдыраған соң Германия құрамына кіріп, кейініректе баварлар неміс халқын құрушылардың бірі болды.
15. *Багаудтар* – III-V ғ.ғ. Галлия мен Терістік Испанияда колондар мен құлдардың революциялық қозғалысына қатынасушылар. Бұл қозғалыс Батыс Рим империясының дағдарысы мен ыдырауын көрсететін айғақтардың бірі болды.
16. *Балья* – Францияда әкімшілік округті-бальяжды басқаратын король төресі.
17. *Бальяж* – Францияда король доменінің жерінде құрылған, балья қоластындағы әкімшілік округ. Король доменін бальяжға бөлу XII ғасырда, II Филипп тұсында Франциядағы ағылшын жерлерін басып алудан басталды. Жер-жерлерде король үкіметін нығайтуда оның ролі зор болды.

18. Бан – әр формадағы мемлекет тарапынан қысым көрсету құқықтарының жалпы аты – жоғарғы қылмыс сотының құқығы, соғыс жасаған шақыру, шоқыну туралы нұсқау шығару құқығы, т.б. феодалдық ыдырау дәуірінде бан құқығын әртүрлі дәрежеде жай князьдер мен шіркеулік феодалдар жүргізді.

19. Бан-бан – XII ғасырда Венгрия шет аймақты соғыс округі банотты билеуші әкім. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Австро-Венгрия құрамындағы Хорват-словен-Далмация облысын басқаратын өкілдер.

20. Баналитет – феодалдық құқық, ол бойынша сеньор аз ақы үшін өзіне қарасты дүние-мүліктің бірқатарын пайдалануға, қарамағандығы шаруаларды қанауға мүмкіндік алды: феодалдық диірменде ұн тарту, оның пешінде нан пісіру, жүзім пресін, қайрақтарын пайдалану, т.б. Бұл заттарды пайдаланғаны үшін ақы не феодалдың өз ықтияры бойынша алынады, не әдет құқығы бойынша реттеледі. Баналитет бұқараны күйзелткен феодалдық қысымдардың бір түрі еді.

21. Барон – Батыс Европадағы феодалдық титул. VI-VII ғ.ғ. ауқатты адамдардың бәрін осылай атады, ал XI-XII ғ.ғ. ірі жер иелері-феодалдардың аты еді.

22. Барондық олигархия – феодалдық бір орталыққа бағынған мемлекет жағдайындағы басқару режимі. Бұл кезде өкімет билігі іс жүзінде бір топ магнаттар қолында болды; оларсыз король ешқандай шешім қабылдай алмады. 1238 ж. «Оксфорд провизияларын» қабылданғаннан кейінгі Англияда қысқа мерзімде билік жүргізген режим барондық олигархияның мысалы болады.

23. Барщина – жұмыспен өтеу рентасының орысша аты, шаруаның феодал шаруашылығындағы тегін, зорлықпен істелетін еңбегі. Барщина шаруалардың жеке басының тәуелділігінің формасы – басыбайлылықпен пара-пар.

24. Ваганттар – орта ғасырлар дәуірінде кейбір Батыс Европа елдерінде кедей, қаңғыбас оқушылар. XII-XIII ғ.ғ. қалалар мен университеттердің дамуына байланысты қайыршы кезбе студенттер және қоғамда орны жоқ уақ дін қызметкерлері-клириктер. Әлеуметтік жағдайы бойынша қала кедейлеріне жақын. Шіркеу ваганттарды қатты қуғынға түсірді.

25. Вальвассорлар – Миландағы феодалдар табының төменгі тобы.

26. Вальденстер – «Лион кедейлері» XII аяғында етек алған еретиктік секталар, Оңтүстік Франция, Терістік Италия, Германия, Чехияға тарады. Лион саудагері Петр Вальдтың атымен аталады.

27. Вандализм – мәдениет, рухани байлықты айуандық жолмен құрту.

28. Вандалдар – Римнен қатал күреске түскен ежелгі герман тайпасы. 455 ж. Римді алып, онда көптеген теңдесі жоқ өнер үлгілерін құртты. «Вандал» деген сөз топас, дөрекі, шапқыншы, мәдениетті құртушы деген теңдеумен пара-пар болып кетті..

29. Варварлық ақиқаттар – Батыс Рим империясының аумағын жайлаған ежелгі герман тайпаларының әдет құқықтарының жинағы. Ең бастылары –Вестгот ақиқаты, Бургундия ақиқаты, Саксония ақиқаты, Салий ақиқаты, Рипуар заңы, Алеман заңы, Бавария заңы, Фриздер заңы, Тюрингия заңы, Лангобардтар заңы, Англо-сакс заңдары.

30. Варварлар – гректер мен римдіктер өздері нәсілдес емес халықтардың бәрін осылай атаған. Біздің заманымыздың I ғасырынан бастап әсіресе германдықтар үшін жиі қолданылды. Варварлық шапқыншылықтар құл иеленушілікті жоюда үлкен роль атқарды.

- 31.***Варварлық мемлекеттер* – құл иеленушілік формацияның күйреуіне байланысты Рим жерінде пайда болған мемлекеттер – Вестготтар корольдігі, Бургундия, Остготтар корольдіктері, т.б.
- 32.***Ворфоломей түні* – 1572 ж. 24 тамызына қараған әулие Ворфоломей түні, бұл түні Франция королі мен католиктердің бұйрығы бойынша Парижде гугеноттарды қыру басталды. Үш күн ішінде бірнеше мың гугеноттар бауыздалып, бұл қанды күрес бүкіл Францияға тарады.
- 33.***Василиктер* – 890 жылдары император YI Левтің кезінде жасалып біткен Византия заң қаулыларының жинағы, 60 кітап болды.
- 34.***Вассал* – орта ғасырлар дәуірінде ірі феодал – сеньордан жер иелігін (лен) алған уақ феодал; ол үшін, ең алдымен, әскер қызметін атқарып, көп жағынан сеньорға тәуелді болуға тиіс еді.
- 35.***Вассалитет* – Батыс Европа елдерінде орта ғасырларда кең тараған бір феодалдың екінші жер иесіне тәуелділігінен туған қатынастар жүйесі. Ол жүйе YIII-IX ғ.ғ. Франк мемлекетінде әбден қалыптасып болды. Аграрлық қатынастардағы төңкеріс жер иеліктерін вассалдарға кеңірек үлестіруге мүмкіндік берді.
- 36.***«Менің вассалымның вассалы менің вассалым емес»* – феодалдық лендік қатынастарды айқын көрсететін, орта ғасырлар дәуірінде көп тараған мәтел.
- 37.***Ватикан* – Рим қаласындағы жеті төбенің бірі; Рим жеріндегі теократиялық мемлекет-қала. Рим папасының ресми резиденциясы, Ватикан тарихы ертеректегі орта ғасырлар дәуірінде басталады.
- 38.***«Ұлы дидактика»* – чехтың ұлы педагогы Ян Коменскийдің 1632 ж. жазылған басты еңбегі.
- 39.***«Ұлы привелигия»* – 1477 ж. Өжет Карл қаза тапқан соң Гентте өткен Нидерландының жалпы шарттары Бургундиялық Марияның қол қоюына мәжбүр еткен еркіншілік хартиясы, 1494 ж. күшін жойды.
- 40.***Еркіндіктің ұлы хартиясы* – 1215 ж. 15 маусымда Жерсіз Иоанн қол қойған хартия. 63 бабы бар. Король өкіметінің күшеюіне қарсы болған барондар күресінің нәтижесінде олар көптеген артықшылықтарға ие болды. Англия сословиелік монархиясын құруға әкелген саяси күресте Хартия едәуір көрнекті роль атқарды. 1965 ж. жазда бұл құжаттың 750 жылдығы Ұлыбританияда ұлт тойы болып өткізілді.
- 41.***Ұлы географиялық ашулар* – XV ғ. ортасынан кейінгі уақытты қамтитын жаңа жерлерді ашуға байланысты оқиғалар – Американы ашу, Үндістанға баратын теңіз жолын табу, бірінші дүниежүзілік саяхат, т.б.
- 42.***Ұлы наурыз ордонансы* – 1357 ж. Париждегі Этьен Марсель басқарған қозғалыс кезінде Жалпы штаттардың ықпалымен қабылданды. Ордонанс бойынша штаттар көптеген құқықтарға ие болды, ол король өкіметін тежеудің айғағы еді.
- 43.***Габель* – аль-кабала – салық; ортағасырлық Франциядағы тұз салығы. Филипп Валуа кезінде тұз сату мемлекет монополиясына айналды.
- 44.***Габсбургтер* – Батыс Европа елдерінің көбін билеген әулет; Австрия (1282-1918), Чехия-Венгрия (1526-1918), Италия (XVI ғ. – 1866 ж.) Нидерланды 1273 ж. I Рудольф Габсбург «Қасиетті Рим Империясының» императоры болып сайланды.

45. *Гайда* –ерте орта ғасырлар дәуірінде қауым мүшесінің жер бөлігі, 120 акр егістік жер.

46. *Галаттар* –Кіші Азияға басып кірген кельт тайпалары.

47. *Галликандық жүйе* – XIII-XVIII ғ.ғ. Француз шіркеуінің Папа тағынан тәуелсіз болуын қуаттаушы саяси шіркеу ағымы. XV ғасырда соборлық қозғалыспен тығыз байланыста болды .

48. *Галлия* – Қазіргі Франция жерін қамтитын тарихи облыс. Біздің заманымыздан бұрынғы V ғ. бастап галлдар жайлады.

«ОРТА ҒАСЫРЛАР» ТАРИХЫ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ТІЗБЕГІ.

I. Жалпы шолу:

1. *Алғашқы орта ғасыр* – феодализмнің алғашқы кезеңі – V ғ. аяғынан – XI ғ. дейін феодализм үстемдік ететін өндіріс тәсілі ретінде қалыптаса бастады.

2. *Орта орта ғасыр* – XI ғ. орта шенінен – XV ғ. аяғына дейін – феодалдар өркендеп, феодалдық құрылыстың шарықтап тұрған кезі.

3. *Кейінгі орта ғасыр* – XVI ғ. – XII ғ. алғашқы жартысы – феодалдық қатынастардың ыдырап, капиталистік қатынастардың өркендеп келе жатқан мезгілі.

II. Англия тарихы бойынша:

1. *407 ж.* – Британия Рим провинциясы болудан қалды.

2. *449 ж.* – Британияны англосакстардың жаулап алуы.

3. *VI ғ. аяғы – VII ғ. басы* – Британия аумағында бірнеше англосакстық корольдіктердің құрылуы.

4. *829 ж.* – англосакстық корольдіктердің астанасы Лондон қаласы болған бірыңғай *Англия* мемлекетіне бірігуі.

5. *871 – 899 немесе 900 ж.ж.* – Ұлы Альфредтің ел басқаруы, оның кезінде даттардың елге ішкері жылжуы тоқтатылады.

6. *959 – 975 ж.ж.* – король Эдгардың билігі, ол X ғ. 2-жартысында дербес Дэнло облысын жойып, бүкіл Англияны бір корольдікке біріктіреді.

7. *X ғасырдың аяғы* – дат корольдерінің Англияға жорықтарын жандандыруы.

8. *1016 ж.* – Англияға даттардың өз өкіметін орнатуы.

9. *1016 – 1035 ж.ж.* – король Кануттың ел басқаруы; ол бір мезгілде Англияның, Данияның және Норвегияның королі болды.

10. *1042 – 1066 ж.ж.* – ескі англосакстық әулеттің өкілі Эдуард Исповедниктің ел басқаруы.

11. *1066 ж.* – Вильгельмнің 15 мыңдық рыцарьлар әскерімен Англияның аумағына басып кіруі.

12. *1066 – 1087 ж.ж.* – I Вильгельм Завоевательдің ел басқаруы.

13. *1086 ж.* – I Вильгельмнің үкімі бойынша жалпы жер санағының жүргізілуі; пергаментке жазылған тізім халық арасында «*Қорқынышты сот кітабы*» деп аталды.

14. 1100 – 1135 ж.ж. – I Генрихтің ел басқаруы; мемлекетті басқару жүйесін одан әрі нығайтты; тұрақты корольдік Кеңес – *король куриясы* маңызды роль атқарды.
15. 1154 – 1189 ж.ж. – Плантагенеттер әулетінің алғашқы өкілі II Генрихтің (Генрих Анжуйский) ел басқаруы; оның тұсында ағылшын корольдігінің құрамына Франциядағы анжуйлық отбасының иеліктері – Анжу, Мэн, Турень, Пуату, Аквитания кіреді.
16. 1169 – 1171 ж.ж. – II Генрихтің Ирландияны жаулап алуы.
17. 1189 – 1199 ж.ж. – Арыстан Жүрек I Ричардтың ел басқаруы; 3-крест жорығынан келе жатырғанында герман императоры VI Генрихтың тұтқынына түседі, 1194 ж. салықты өсірудің арқасында сатып алынады.
18. 1191 – 1226 ж.ж. – Безземельный деп аталған король Иоанның ел басқаруы;
19. 1202 – 1204 ж.ж. – Иоанн Безземельныйдың Франциядағы ағылшын иеліктерінен айырылуы.
20. 1215 ж. 15 шілде – Иоанн Безземельныйдың «*Еркіндіктің Ұлы Хартиясы*» деп аталатын актіге қол қоюы.
21. 1216 – 1272 ж.ж. – III Генрихтың ел басқаруы.
22. 1258 ж. көктемі – III Генрихтің Папа IV Иннокентийдің азғыруымен Италияда соғыс арандатушылығын бастап, соған барондардан барлық табысының $\frac{1}{3}$ бөлігін беруді талап етуі.
23. 1258 ж. маусым – Оксфордта шонжарлардың кеңесі жиналып, елде олигархтардың режимі орнайды; ол «*Оксфордтық провизиялар*» деп аталады.
24. 1259 ж. – рыцарьлар мен ерікті шаруалардың жоғарғы тобын ірі феодалдардың озбырлығынан қорғаған «*Вестминстерлік провизиялар*» қабылданады.
25. 1263 – 1267 ж.ж. – азамат соғысы.
26. 1265 ж. қаңтар – тұңғыш ағылшын парламентінің құрылуы.
27. 1272 – 1307 ж.ж. – I Эдуардтың ел басқаруы; оның кезінде парламентті шақыру тәжірибесі түпкілікті орнықты; Шотландияға қарсы нәтижесіз соғыстар жүргізіледі.
28. 1306 – 1329 ж.ж. – шотландиялық король Роберт Брюстің ел басқаруы; 1314 ж. ол Баннокберннің маңында ағылшын армиясын талқандайды; ал 1328 ж. Англияның Шотландияның тәуелсіздігін мойындауына қол жеткізеді.
29. 1327 – 1377 ж.ж. – III Эдуардтың ел басқаруы; Жүз жылдық соғысты бастады; жұмысшылар туралы алғашқы статуттарды шығарады; Англиядағы папаның ықпалын шектейді.
30. 1377 – 1399 ж.ж. – Плантагенеттердің соңғы өкілі II Ричардтың ел басқаруы; 1397 ж. оның корольдің жеке дара басқаруын орнату жөніндегі шаралары оның тақтан тайдырылуына әкеледі.
31. 1377 ж. – парламент біржолғы жаппай салық енгізеді
32. 1381 ж. – Уот Тайлер бастаған шаруалар көтерілісі; ортағасырлық Англия тарихындағы ең ірі антифеодалдық көтеріліс болды; жеңіліс тапқанымен барщина және басыбайлық құқықтың жойылуына жағдай жасады.
33. 1399 – 1413 ж.ж. – IV Генрихтің ел басқаруы; Ланкастерлер әулетінің алғашқы өкілі; оның кезінде ағылшын парламентінің құқықтары кеңейтіледі.

- 34.** 1413 – 1422 ж.ж. – V Генрихтің ел басқаруы; оның кезінде толастаған жүз жылдық соғыс қайта басталады;
- 35.** 1415 ж. – Азенкур маңындағы шайқаста ағылшындар француздарға күйрете соққы берді және Парижбен бірге Францияның солтүстігін басып алады.
- 36.** 1422 – 1461 ж.ж. – VI Генрихтің ел басқаруы.
- 37.** 1450 ж. – Джек Кэд басқарған Англияның оңтүстігінде орталығы Кент графтығы болған халықтық көтеріліс.
- 38.** 1455 – 1485 ж.ж. – «Алқызыл раушан» және «Ақ раушан» гүлдер соғысы; ол Ланкастерлер және Йорктар әулеті тармақтарының тақ үшін күресінен туындайды; соғыстың бұлай аталуы екі жақтың ел таңбаларындағы бейнелерге (Ланкастерлердің ел таңбасында алқызыл раушан гүлі, Йорковтарда – ақ раушан гүлі бейнеленді) байланысты болды.
- 39.** 1461 – 1483 ж.ж. – Эдуард Йоркскийдің ел басқаруы.
- 40.** 1483 – 1485 ж.ж. – Йорковтар әулетінің соңғы өкілі III Ричардтың ел басқаруы; оның қатал саясатына қарсы Ланкастерлер мен Йорковшыл барондардың бір бөлігі көтеріліс жасап, таққа жаңа үміткерлерді – Ланкастерлік отбасының кіші буынының өкілі Генрих Тюдорды ұсынады.
- 41.** 1485 ж. 22 тамыз – Босфорт түбіндегі соғыста III Ричард жеңіліп, өлтіріледі. Осы ақырғы соғыста Генрих Тюдор VII Генрих деген атпен Англияның королі болып жарияланады.
- 42.** 1485 – 1509 ж.ж. – Тюдорлар әулетінің алғашқы өкілі VII Генрихтің ел басқаруы; оның кезінде ағылшын абсолютизмінің негізі қаланады.
- 43.** 1509 – 1547 ж.ж. – VIII Генрихтің ел басқаруы; оның кезінде реформация жүргізіледі.
- 44.** 1534 ж. – VIII Генрих бірінші әйелі Екатерина Арагонскаямен ажырасуына Рим папасының тиым салуына байланысты *супрематия* (жоғарғы өкілдік) туралы акт шығарады; акт бойынша король ағылшын шіркеуінің басшысы болып жарияланады.
- 45.** 1536 ж. және 1539 ж. – VIII Генрихтің шіркеу жерлерін секуляризациялауы.
- 46.** 1536 – 1537 ж.ж. – Англияның солтүстік графтықтарындағы шарбақпен қоршауларға қарсы қозғалыстар.
- 47.** 1542 – 1567 ж.ж. – шотландиялық королева Мария Стюарттың ел басқаруы.
- 48.** 1553 – 1558 ж.ж. – I Мария Тюдордың (1554 ж. испан королі II Филипке тұрмысқа шығады) ел басқаруы; Испанияның қолдауына сүйенген королева Англияда католицизмді қалпына келтіріп, Реформацияның жақтастарын қатал қуғындайды.
- 49.** 1558 – 1603 ж.ж. – I Елизавета Тюдордың ел басқаруы; оның билігі кезінде абсолютизм нығайтылады; англикан шіркеуі қалпына келтіріліп, Ирландияны отарлау кең көлемде жүргізіледі.
- 50.** 1559 ж. – парламент корольдің англикандық шіркеуге өктемдігін бекітеді.
- 51.** 1588 ж. шілде – тамыз – адмирал Френсиск Дрейк басқарған ағылшын флотының испандық «Ұлы және жеңілмейтін» Армаданы талқандауы.
- 52.** 1600 ж. – ағылшындық Ост-Инд компаниясының құрылуы.
- 53.** 1640 ж. – Стюарттар әулетінен шыққан Англия королі I Карлдың Ұзақ парламентті шақыруы; ол абсолютизмге қарсы революциялық оппозицияның шын

мәніндегі заңда органына айналады; бір жыл ішінде корольді биліктен тайдырып, елді өзі басқара бастайды.

54. 1642 – 1649 ж.ж. – Англиядағы Ұзақ парламенттің жақтастары және роялистер арасындағы азамат соғысы; 1649 ж. 30 қаңтарда парламент І Карлды сот өлім жазасына кеседі.

55. 1649 ж. 19 мамыр – Англия республикасының жариялануы.

56. 1649 – 1652 ж.ж. – ағылшын армиясының Ирландияны жаулап алуы.

57. 1653 – 1658 ж.ж. – Англиядағы Кромвель диктатурасы.

58. 1653 ж. – Англия республикасының тұңғыш конституциясының қабылдануы.

III. Византия империясының тарихы бойынша:

1. 330 ж. – Рим императоры І Константиннің антикалық қала Византийдің орнында Константинополь қаласын тұрғызып, Рим империясының астанасын Шығысқа көшіруі.

2. 395 ж. – соңғы Рим императоры І Феодосийдің аманаты бойынша Ежелгі Римнің Батыс және Шығыс Рим (Византия) империялары болып екіге бөлінуі.

3. 395 – 408 ж.ж. – Шығыс Рим империясының тұңғыш императоры Аркадийдің ел басқаруы.

4. 408 – 450 ж.ж. – II Феодосийдің ел басқаруы; 430 ж. бастап ғұндардың көсемі Аттилаға салық төлей бастады.

5. 413 – 439 ж.ж. – Константинопольдің жан-жағын қуатты дуалдармен қоршаудың жүргізілуі.

6. 425 ж. – университеттің тұрғызылуы.

7. 429 – 438 ж.ж. – II Феодосийдің «Феодосий Кодексі» деп аталатын императорлық заңдар жинағын құрастыруы; заң жинағы Рим империясының екі бөлігіне де жүрген.

8. 527 – 565 ж.ж. – I Юстинианның ел басқаруы; оның кезінде Рим құқығының реформалары жүргізіледі; оның негізгі тармақтарына сүйене отырып «Азаматтық құқықтардың жинағы» құрастырылады; Солтүстік Африканы, Сицилияны, Италияны, Испанияның бір бөлігін жаулап алады.

9. 532 ж. – Византиядағы ең ауқымды көтерілістердің бірі, тарихта «Ника» (грекше «Жеңіске жет» деген мағына береді) көтерілісі деген атпен танылған көтеріліс болып өтеді.

10. 534 – 565 ж.ж. – Юстинианның өзі шығарған заңдар кейін «Азаматтық құқықтардың жинағының» 4-бөлімін құрайды, ол «Новелла» («Жаңа заңдар») деп аталады.

11. 533 – 534 ж.ж. – византиялық қолбасшы Велисарийдің вандалдар армиясын талқандап, Вандалдар корольдігінің өмір сүруін тоқтатуы.

12. 535 – 554 ж.ж. – византиялық әскерлердің алдымен, Велисарийдің, кейін Нарсестің басшылығымен остготтарды Италиядан қууы.

13. 555 ж. – Италияны толығымен византиялықтардың жаулап алуы.

14. 540 – 562 ж.ж. – Византия-Иран соғысы; келіссөз бойынша Лазика (қазіргі Батыс Грузия) Византияға, Сватения, Грузияның басқа да облыстары Иранға өтеді.

15. 717 – 867 ж.ж. – Исавр әулетінің басқаруы.
16. 717 – 741 ж.ж. – Исавр әулетінің негізін салушы III Лев Исавраның ел басқаруы; иконға қарсы күрестің бастамасын салып берді.
17. 718 ж. – III Лев Исавраның араб халифының ұланғайыр армиясына тосқауыл қоюы.
18. 726 ж. – III Лев Исавраның жаңа заң жинағын (Эклога) шығаруы.
19. 740 ж. – III Лев Исавраның арабтарға күйрете соққы беруі.
20. 741 – 775 ж.ж. – IV Константиннің ел басқаруы.
21. 746 ж. – византиялықтардың халифаттың Сириядағы иеліктеріне басып енуі.
22. 780 – 797 ж.ж. – VI Константиннің ел басқаруы; туған анасы Ирина тақты әскери төңкерістің көмегімен тартып алып, ұлын көзінен айырады.
23. 797 – 802 ж.ж. – Византияның тұңғыш әйел императоры Иринаның ел басқаруы; ол Ұлы Карлды Батыстың императоры деп танудан бас тартады.
24. 816 – 820 ж.ж. – V Лев Арменианның ел басқаруы.
25. 820 – 823 ж.ж. – Фома Славянин бастаған көтеріліс; Кіші Азияның көп бөлігіне таралады; 823 ж. жеңіліспен аяқталады.
26. 842 – 867 ж.ж. – III Михаилдың ел басқаруы.
27. 867 – 1056 ж.ж. – Македон әулетінің ел басқаруы.
28. 867 – 886 ж.ж. – Македон әулетінің негізін салушы император I Василийдің ел басқаруы; ол ел ішіндегі әлеуметтік дағдарыстарды жою және сыртқы қауіпті тойтару үшін реформалар жүргізеді.
29. 868 ж. – I Василийдің арабтармен күресу үшін армия жасақтауы.
30. 869 ж. – арабтарға византиялықтардың тойтарыс беруі.
31. 976 – 1025 ж.ж. – II Василийдің ел басқаруы.
32. 976 – 989 ж.ж. – II Василийдің Кіші азиялық шонжарлардың көтерілісін басуы.
33. 995 ж. – Фатимидтік Сирияға қарсы II Василийдің табысты жорықтары.
34. 1018 ж. – II Василийдің Болгария басып алуы.
35. 860 ж. – орыс әскерлерінің Константинопольды жан-жақты қоршауға алуы.
36. 907 ж. жаз – орыс кемемелерінің Константинопольды, Босфор жағалауын қоршауға алуы.
37. 941 ж. – князь Игорьдың шабуылдары.
38. 944 ж. – орыс-Византия сауда келісімдерінің жасалуы.
39. 1043 ж. – орыстардың Константинопольге жасаған соңғы жорығы.
40. 1042 – 1055 ж.ж. – IX Константин Мономахтың ел басқаруы.
41. 1054 ж. – византиялық (православиелік) шіркеудің Батыстың (орталығы Римде болған) христиандық (католиктік) шіркеуден түпкілікті бөлінуі.
42. 1067 – 1071 ж.ж. – император IV Роман Диогеннің ел басқаруы.
43. 1071 ж. – Манцикерт (Армения) түбінде түрік-селжұқтардың Византия армиясын талқандауы.
44. 1081 – 1118 ж.ж. – I Алексей Комниннің ел басқаруы.
45. 1118 – 1143 ж.ж. – II Иоанн Комниннің ел басқаруы.
46. 1122 ж. – II Иоанн Комниннің печенегтерді жеңуі.
47. 1135 ж. – II Иоанн Комниннің түрік-селжұқтарды жеңуі.
48. 1204 – 1261 ж.ж. – Византияның кресшілер жаулап алған аумағында Латын империясының құрылуы.

49. 1261 ж. – Константинопольдың латындардан азат етілуі және Палеологтар әулетінің негізін салушы император VIII Михаилдың қол астына қараған Византия империясының қайта өрлеуі.

50. 1449 – 1453 ж.ж. – Византияның соңғы императоры XI Константиннің ел басқаруы; ол Константинопольды түріктерден қорғау кезінде қаза табады.

51. 1453 ж. 29 мамыр – Константинопольды түріктердің басып алуы; Византия империясының құлауы.

IV. Германия және Австрия тарихы бойынша:

1. 843 ж. – Верден келісімі бойынша Рейннен шығысқа қарайғы жерлер Людовик Немецкийге қарайды.

2. 919 – 936 ж.ж. – Саксон әулетінің негізін салушы король Генрих I Птицеловтың ел басқаруы.

3. 919 – 1024 ж.ж. – Саксон әулетінің ел басқаруы.

4. 925 ж. – Генрих I Птицеловтың Лотарингияны Германияға қосуы.

5. 933 ж. – германдық герцогтықтардың біріккен күштерінің венгерлерден ірі жеңіске жетуі.

6. 936 – 973 ж.ж. – I Оттонның ел басқаруы.

7. 955 ж. – I Оттонның Аугсбургқа жақын маңдағы Лех өзеніндегі шайқаста венгерлерге күйрете соққы беруі.

8. 962 ж. – I Оттонның Римде император тәжін киюі және «Қасиетті Рим империясының» императоры атануы.

9. 973 – 983 ж.ж. – «Рим империясының» императоры II Оттонның ел басқаруы.

10. 976 ж. – II Оттонның Бавар герцогының бүлігін басуы.

11. 982 ж. – II Оттонның арабтардан жеңілуі.

12. 983 ж. – II Оттонның арабтармен шайқас барысында қаза табуы.

13. 1024 – 1039 ж.ж. – Франкон әулетінің негізін салушы II Конрадтың ел басқаруы; ол ұсақ вассалдардың қолдауына сүйене отырып, орталық аппаратты нығайтады.

14. 1032 ж. – II Конрадтың Бургундия корольдігін империяға қосуы.

15. 1039 – 1056 ж.ж. – III Генрихтің ел басқаруы; империяның күш-қуаты артады; императордың билігі Венгрия, Польша және Богемияға тарайды.

16. 1046 – 1047 ж.ж. – III Генрихтің Италияға жорығы.

17. 1056 – 1106 ж.ж. – IV Генрихтің ел басқаруы; Рим папасымен күрес жүргізеді.

18. 1077 ж. – шіркеуден аластатылған және төмендетілген I Генрихтің Каносс қамалында папа VII Григорийден кешірім сұрауы.

19. 1147-1160 ж.ж. – герцог Лев Генрихтің ободриттерге қарсы крест жорықтары.

20. 1152 – 1190 ж.ж. – Штауфендер әулетінен шыққан I Фридрих Барбароссаның ел басқаруы.

21. 1156 ж. – Австрияның герцогтыққа айналуы.

22. 1154 ж. – I Фридрих Барбароссаның ең алғашқы итальяндық жорығына аттануы.

23. 1158 ж. – I Фридрих Барбароссаның Италияға екінші рет жорыққа аттануы.
24. 1162 ж. – екі жылға созылған қоршаудан соң Фридрихтің Миланды басып алып, қаланы толық қиратуы.
25. 1170 ж. – немістердің славяндардан басып алған жерлерінде Лев Генрихқа тәуелді Мекленбург герцогтығының құрылуы.
26. 1176 ж. – Леньяноның маңында император мен Ломбардия лигасының ең шешуші шайқасының өтуі.
27. 1180 ж. – Лев Генрихтің славяндық Поморьені басып алуы.
28. 1183 ж. – Констанц бітімі; іс жүзінде бұл бітім Италия қалаларының өзін-өзі басқарушылықтарын қайта қалпына келтіріп, олардың саяси дербестіктерін нығайту болып табылды.
29. 1190 – 1197 ж.ж. – VI Генрихтің ел басқаруы; Сицилия тағының мұрагеріне үйлену арқылы ол өзінің иеліктеріне Сицилия корольдігін қосы алады.
30. 1202 ж. – папа III Иннокентийдің белсенді қатысуымен жаңа діни-рыцарьлық – Семсершілер орденінің құрылуы.
31. 1212 – 1250 ж.ж. – II Фридрихтің ел басқаруы; Сицилияны орталықтанған мемлекетке айналдырады; папалық және Солтүстік Италияның қалаларымен нәтижесіз күрестер жүргізеді.
32. 1230 ж. – алғаш рет Берлин қаласының аталуы.
33. 1273 – 1291 ж.ж. – Габсбургтер әулетінің негізін салушы I Рудольфтың ел басқаруы.
34. 1282 ж. – I Рудольфтың Австрия және Штирияның басып алуы.
35. 1308 – 1313 ж.ж. – курфюрстер сайлаған екінші қосалқы император VII Генрих Люксембургскийдің билікте болуы.
36. 1314 – 1347 ж.ж. – баварлық герцогтар сайлаған Виттельсбахтар әулетінен шыққан Людвиг Баварскийдің билікте болуы.
37. 1347 – 1378 ж.ж. – Люксембургтар әулетінен шыққан IV Карлдың (1346 жылдан чех королі I Карл) ел басқаруы; король өкіметін нығайтады; қолөнердің, сауданың және мәдениеттің дамуына қолдау көрсетеді.
38. 1356 ж. – IV Карлдың «Алтын Булласы»; ол Германияның саяси бытыраңқылығын заң жүзінде баянды етті.
39. 1367 – 1370 ж.ж. – Любек бастаған Солтүстік германдық қалалардың сауда және саяси одағы Ганзаның түпкілікті рәсімделуі.
40. 1440 – 1493 ж.ж. – Габсбургтер әулетінен шыққан III Фридрихтің ел басқаруы; 1452 жылдан «Қасиетті Рим империясының» императоры; 1453 жылдан Австрия эрцгерцогы; венгер королі Матьяш Хуньядимен соғыста австриялық иеліктерінен түгелге дерлік айырылады.
41. 1493 – 1519 ж.ж. – «Қасиетті Рим империясының» императоры, австрия эрцгерцогы I Максимилиан Габсбургтің ел басқаруы; ол Габсбургтердің австриялық жерлерінің шын мәнінде бір орталыққа бірігуінің бастамасын салып береді;
42. 1517 ж., 31 қазан – Мартин Лютердің 95 тезисі; Германиядағы Реформацияның басталуы.
43. 1524 – 1525 ж.ж. – шаруалар соғысы.

44. 1529 ж. – неміс лютерандарының «Қасиетті Рим империясының» императоры Ү Карлдың шіркеу жерлерін секуляризациялауды тоқтатуына қарсылық білдіреді (осы себепке байланысты оларды протестанттар деп атай бастаған).

45. 1555 ж. – германдық протестанттық князьдар және император Ү Карлдың арасындағы Аугсбургтық діни бітімнің жасалуы; осыдан кейін Ү Карл тақтан бас тартады; бұл бітім шарты католиктер мен протестанттардың арасындағы бірқатар соғыстарды тоқтатады.

46. 1556 – 1564 ж.ж. – I Фердинандтың ел басқаруы; Австрия эрцгерцогы; 1526 жылдан Чехия мен Венгриядағы Габсбургтар әулетінен шыққан алғашқы король; Венгрияның көп бөлігін түріктерге беруге мәжбүр болады.

47. 1576 – 1612 ж.ж. – II Рудольфтың ел басқаруы; католиктік реакция саясатын жүргізеді; інісі Матвеймен өзара соғыста оған 1608 ж. Австрия, Венгрия және Моравияны, ал 1611 ж. Чехияны береді.

48. 1619 – 1637 ж.ж. – «Қасиетті Рим империясының» императоры II Фердинандтың ел басқаруы; контрреформация саясатын жүргізеді; Отыз жылдық (1618 – 1648 ж.ж.) соғыстың бастапқы кезеңдерінде габсбургтық-католиктік лагерьді басқарады.

АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР.

I аралық бақылаудың тапсырмалары:

1. Кіріспе.
2. Рим империясындағы дағдарыс.
3. Варварлық тайпаларда ру-тайпалық құрылыстың ыдырауы.
4. Халықтардың Ұлы қоныс аударуы. Батыс Рим империясының құлауы және варварлық мемлекеттердің құрылуы.
5. Франк мемлекетінде феодализмнің дамуы.
6. IV-XII ғ.ғ. Византия империясы.
7. VI-XI ғ.ғ. оңтүстік және батыс славяндар.
8. Ерте орта ғасырлардың аяғындағы Батыс Еуропа.
9. Ортағасырлық қалалардың пайда болуы және дамуы.
10. Крест жорықтары.
11. XI-XV ғ.ғ. Франция.
12. XI-XV ғ.ғ. Англия.
13. XI-XV ғ.ғ. Германия.
14. XI – XV ғ.ғ. Чехия.

II аралық бақылаудың тапсырмалары:

1. XI-XV ғ.ғ. Италия.
2. XI-XV ғ.ғ. Пиреней мемлекеттері.
3. XI – XV ғ.ғ. Скандинавия елдері.
4. XI – XV ғ.ғ. Польша.
5. XI – XV ғ.ғ. Венгрия.
6. XII – XV ғ.ғ. славян елдері.

7. XIII – XV ғ.ғ. Византия.
8. XI – XV ғ.ғ. Батыс Еуропадағы шіркеу.
9. XVI ғ. – XVII ғ. 1-жартысындағы Батыс Еуропа елдерінде өндіргіш күштердің дамуы және капиталистік қатынастардың тууы.
10. Ұлы географиялық жаңалықтар және отарлық жүйенің пайда болуы.
11. XVI ғ.-XVII ғ. басындағы Англия.
12. XVI ғ.-XVII ғ. басындағы Германия.
13. Швейцариядағы реформация.
14. XVI – XVII ғ.ғ. Испания.
15. Нидерландиядағы ұлт-азаттық қозғалыс. XVII ғ. 1-жартысындағы Құрама провинциялар республикасы.
